

АО «НК «ҚТЖ» ПРЕЗЕНТОВАЛО УСПЕШНО РЕАЛИЗОВАННЫЕ ПРОЕКТЫ HR-СООБЩЕСТВУ. И ЭТО НАША ОБЩАЯ ПОБЕДА! ХОЧУ ВЫРАЗИТЬ ОГРОМНУЮ БЛАГОДАРНОСТЬ ВСЕМ, КТО УЧАСТВОВАЛ В СОЗДАНИИ И ПРОДВИЖЕНИИ ЭТИХ ПРОЕКТОВ. ЭТО ОЧЕРЕДНОЕ ВЕСКОЕ ДОКАЗАТЕЛЬСТВО ТОГО, ЧТО ҚТЖ ВЕДЕТ АКТИВНУЮ РАБОТУ ПО СОЗДАНИЮ ЛУЧШИХ ПРАКТИК.

Сайлау ИСТЛЕЕВА,
директор департамента управления
человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»



№89 (2804)
15/11/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша
ноября 2022



ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ!

НОВЫЕ
ВОЗМОЖНОСТИ
РОСТА



Казakhstan инициировал запуск контейнерных поездов в рамках Саммита организации тюркских государств (ОТГ).

В Самарканде прошел девятый саммит ОТГ. Участие в форуме приняли президенты Азербайджана, Кыргызстана, Узбекистана, Турции, а также председатель верхней палаты парламента Туркменистана и премьер-министр Венгрии.

В ходе выступления Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев уделил большое внимание теме развития транспортно-логистической отрасли. На его взгляд, именно сейчас важно максимально раскрыть транспортно-транзитный потенциал, которым обладают тюркские страны. Касым-Жомарт Токаев в качестве примера привел успешную работу Транскаспийского международного транспортного маршрута, который пролегает через территории трех государств организации – Турции, Азербайджана и Казахстана.

С 2009 года контейнерные перевозки между странами Организации тюркских государств увеличились в 2,4 раза до 415 тысяч ДФЭ. При этом контейнерный потенциал к 2030 году оценивается в 1 миллион ДФЭ.

В рамках программы по контейнеризации грузов АО «НК «Қазақстан темір жолы» осуществлен запуск контейнерных поездов по семи направлениям.

Каждое из них играет важную роль. Так, Жана-Есиль – Мерсин через Иран в Турцию, (расстояние составляет 5 655 километров, срок доставки – 18-20 дней), Жана-Караганды – Бичерово/Паяс через Иран (время в пути – 20-22 дня), Кызылту – Мерсин, (экспорт ТМТМ, 4 928 километров за 25-27 дней), Костанай – Сырдарьинская (экспорт САЗ, 2 324 километра за 4-5 дней), Алтынколь – Апшерон (транзит ТМТМ, 3 671 километр за семь дней); Алтынколь – Ташкентский узел (транзит, 1 335 километров за два дня) и Ташкентский узел – Достык (транзит, 1 874 километра за 3-4 дня).

На сегодня протяженность железной дороги стран – участниц ОТГ составляет более 45 тысяч километров. Эксперты отмечают, что инфраструктура стремительно развивается. С 2009 по 2022 год построено около восьми тысяч километров железных дорог, электрифицировано более 7,6 тысячи километров. В планах по развитию до 2030 года – к протяженности железных дорог добавится более 23 тысяч километров, электрификация охватит более 20 тысяч.

Ежегодный общий объем перевозок грузов железнодорожным транспортом стран – участниц ОТГ составляет более 450 миллионов тонн. Объем экспортных перевозок грузов между странами ОТГ в 2022 году – около 50 миллионов тонн. Существующий грузопоток к 2030 году планируется увеличить на 45% (до 72 миллионов тонн).

Айлин БАУРЖАН

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА – БАСҚАРУ ТЕТІГІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да ұлттық компания басшылығы мен сингапурлық PSA International Pte Ltd компаниясы өкілдерінің логистика және цифрлық көлік дәлізін дамыту саласындағы стратегиялық ынтымақтастық бойынша кездесуі өтті.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Басқосуда тараптар Азия-Еуропа цифрлық сауда дәлізін құру тақырыбында сөз қозғады. Бұл бастаманы іске асыру Мемлекет басшысының елдің транзиттік әлеуетін арттыру және жаһандық логистикалық экожүйедегі сенімді көлік хабы ретіндегі Қазақстанның имиджін нығайту бойынша қойған маңызды міндетін шешуге мүмкіндік береді.

Кездесуде PSA International Pte Ltd – Crimson Logic еншілес компаниясы ҚТЖ мамандарымен бірлесіп әзірлеген бірыңғай цифрлық платформа таныстырылды. Жаңа жүйеде Calista-АЕ жеткізу тізбегін басқаруда сингапурлық онлайн-платформаның ҚТЖ АҚ аппараттық жүйелерімен интеграциялану мүмкіндіктері пайдаланылған.

Цифрлық шешімді Транскаспий халықаралық көлік бағдарында қолдану жоспарлануда. Платформа клиенттер үшін сапалы және ыңғайлы сервис жасап, халықаралық тасымалдаушылар үшін маршруттың тартымдылығын арттырады. Цифрлық формат мемлекеттік органдармен және экспедиторлармен ашық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар транзиттік жүктерді ресімдеу кезінде қағаз құжат айналымын болдырмаудан басқа, жүктерді жеткізу мерзімін қысқартпақ. Айта кетсек, PSA International Pte Ltd компаниясы әлемдегі ең ірі порт операторларының бірі болып табылады. Оның 26 елде терминалы бар.

Жалпы қазіргі таңда Қазақстанның транзиттік әлеуетін кеңейтуге және өңдеу өнеркәсібі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құрылыс және қаржы салаларындағы Қазақстан-Сингапур кәсіпорындарының жобаларын дамытуға

ерекше назар аударылып отыр. Мәселен, жылдың басында елімізге келген Сингапурдың PSA International Pte Ltd компаниясының өкілдері екі елдің көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық перспективалары, оның ішінде Ақтау портында контейнерлік хаб құру жобасын, кедендік және сауда үрдістерін цифрландыру мәселелерін талқылаған еді. Компания өкілдері Транскаспий халықаралық көлік бағдарымен тасымалды одан әрі дамытуға қызығушылық танытқан болатын. Осы ретте, Қазақстанның Сингапурмен ынтымақтастығының маңызды элементі ретінде көліктік, сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылды атар едік. Осыған байланысты тараптар экономикалық кооперация жобаларын және өзара тиімді ынтымақтастық бағдарламаларын ілгерілетуге мүдделі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Сервис

СЧАСТЛИВОГО ПУТИ!

Для жителей города Конаева и близлежащих поселков 11 ноября состоялось знаковое событие – запуск социально значимого пригородного маршрута Конаев – Алматы-1.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В торжественной церемонии отправки поезда № 6906/6907 приняли участие руководители АО «НК «Қазақстан темір жолы», представители областного акимата и города Конаева, ветераны и горожане. – Пригородное сообщение запущено в рамках поручения Президента РК Касым-Жомарта Токаева, данного в ходе рабочей поездки в Алматинскую область, – отметил в своем приветственном слове генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Жәнібек Тайжанов.

Главой государства была поставлена задача – повысить транспортно-логистический потенциал области, создать условия для расширения возможности пассажирских и грузовых перевозок.

К слову, ежедневно в Алматы въезжает до 250 тысяч автомобилей, что создает дополнительную нагрузку на транспортную систему города. Правительство совместно с акиматом должно подготовить

комплексные меры по улучшению транспортной сети, поручил Президент, указав на необходимость параллельно с автодорожной сетью между Алматы и Конаевым развивать и железнодорожную.

– Сегодня состоялось важное событие – запуск социально значимого проекта пригородного поезда Конаев – Алматы, который решит многие проблемы как жителей города, так и населения близлежащих поселков, улучшит экологию и позволит избежать транспортного коллапса. Надеемся, что маршрут будет востребованным и привлекательным для пассажиров, – сказал Жәнібек Тайжанов.

Уже сейчас можно с уверенностью сказать, что этот маршрут будет пользоваться большим спросом среди населения, особенно в дачный сезон. Благодаря удобному времени отправления и прибытия его постоянными пассажирами станут студенты, работающие в Алматы жители Конаева и близлежащих поселков и многие другие.

Дизельрельсовый состав будет курсировать ежедневно



отправлением из Конаева в 06.00, обратно со станции Алматы в 19.00. Время в пути – 1 час 17 минут. Предусмотрены остановки на промежуточных станциях маршрута: остановочном пункте 1 612-го километра, станциях Жетыген и Байсерке.

Три комфортабельных вагона оборудованы эргономичными креслами, кондиционерами и биотуалетами, что делает поездку максимально комфортной.

Стоит отметить, что финансирование маршрута до конца текущего года будет осуществляться за счет национального перевозчика. В настоящее время совместно с Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК и акиматом Алматинской области проводится работа по проведению в следующем году тендера по субсидированию расходов перевозчика по этому маршруту.

С традиционными шашу и песнями состав проводили в первый рейс. С удовольствием по новому маршруту прокатились и ветераны: почетный житель Конаева Базарбай Оралбаев, председатель совета ветеранов города Конаева Амангельды Беспалов, строитель города Конаева Аскар Баймухамбетов и бывший директор школы станции Кос-кудук Есентай Кашабаев. Отметив комфортные условия и эстетическое оформление вагонов, аскалы выразили благодарность АО «НК «ҚТЖ», АО «Пассажирские перевозки» и филиалу «Пригородные перевозки».

Продажа билетов на поезд № 6906/6907 сообщением Конаев – Алматы производится проводниками внутри состава, а также на сайте BILET.RAILWAYS.KZ или в мобильном приложении «Билеты ҚТЖ».

Фото автора



Мейрамбек
ШОЛТАБАЕВ,
Қызылорда қосалқы бөлімі
бастығының логистика
жөніндегі орынбасары:

БӨЛІМ БАСШЫЛЫҒЫ ТАРАПЫНАН АҒЫМДАҒЫ МАУСЫМДА ХАЛЫҚТЫ ТҰРМЫСТЫҚ КӨМІРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮНДЕЛІКТІ ҚАДАҒАЛАНЫП ОТЫР. КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ, ТҰРғындар ТАРА-ПЫНАН ЕШКАНДАЙ ДҮРБЕЛЕН-ДЕ, КЕЗЕК ТЕ ЖОҚ. ҚОЙМАЛАРДА ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ 12,7 МЫҢ ТОННА КӨМІР БАР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ҚТЖ-ДА

5822

АЛҒАШҚЫ «ҚЫСТАУШЫ»
ТЕМІРЖОЛШЫ ОҚЫТЫЛДЫ.

ӨТКЕН 10 АЙДА ҚАЗАҚСТАН
МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ
ЖҮК ТАСЫМАЛЫ КӨЛЕМІ

12%

АРТҚАН.

ОСЫ ЖЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ
АРҚЫЛЫ


7,7 млн тонна
АСТЫҚ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ПӘКІСТАНМЕН БАЙЛАНЫС АРТАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Пәкістан Ислам Республикасынан келген делегация мүшелерімен кездесті.



Кездесу барысында екі тарап инфрақұрылым, мультимодальды тасымалдар, теміржол қатынасы, халықаралық автомобиль көлігі дәліздері, әуе тасымалы және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Делегацияны федералды инвестициялар министрі Чаудри Салик Хусейн мен энергетика министрі Мусадик Масуд Малик бастап келді. Қазақстандық тарап отандық компаниялардың Пәкістанға химиялық өнім түрлерін жеткізу экспортын ұлғайтуға мүдделі екендігін атап өтті. Өз кезегінде Пәкістан тарапы өз порттарын, атап айтқанда Араб теңізінің жағалауындағы Карачи теңіз портын және Пешавар, Исламабад және басқа да ірі қалалармен автомобиль және темір жолдармен байланысқан Лахор құрғақ портын пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар етті.

Екі тарап көлік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан – Пәкістан бірлескен жұмыс тобының екінші отырысы шеңберінде ынтымақтастық мәселелерін одан әрі егжей-тегжейлі қарауға уағдаласты. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі арттыру үшін зор әлеуеттің бар екендігін атап өтіп, уағдаластықтарды дипломатиялық арналар арқылы растауға келісті.

Хабарландыру

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Оңтүстік» АФ жоспарланған қызметтің бастамашысы ретінде (Алматы қ., Тобаяқов к-сі, 2, БСН 041041009355) «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Оңтүстік» АФ үшін «миссия нормативтері» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Объектінің орналасқан мекен-жайы: Алматы қ., Тобаяқов к-сі, 2; Қоғамдық тыңдауларды өткізудің басталу күні мен уақыты: 23.12.2022 ж. сағат 14.00. Интернеттегі байланыс сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/4423135116?pwd=Tmo4M3FwRWRYYTBoSjVZa1k4cytDdz09> мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеуші «Squadro Group» ЖШС Рыстафин Т.Д. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын email және телефон: info@squadro.kz; 8 708 333 22 08. Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/about?lang=ru> Ссылка бірыңғай экологиялық порталға: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/11066> ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжайы: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі 82, тел +7 (727) 972-18-39, u.prip@almaty.gov.kz

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Оңтүстік» АФ жоспарланған қызметтің бастамашысы ретінде (Алматы қ., Осипенко к-сі 42 БСН 041041009355) «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Оңтүстік» АФ үшін «миссия нормативтері» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Объектінің орналасқан мекен-жайы: Алматы қ., Осипенко 42 Б; қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні мен уақыты: 26.12.2022 ж. сағат 15.00. Интернеттегі байланыс сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/4423135116?pwd=Tmo4M3FwRWRYYTBoSjVZa1k4cytDdz09> Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеуші «Squadro Group» ЖШС Рыстафин Т.Д. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын email және телефон: info@squadro.kz; 8 708 333 22 08. Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/about?lang=ru> Ссылка бірыңғай экологиялық порталға: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/11066> ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжайы: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі 82, тел +7 (727) 972-18-39, u.prip@almaty.gov.kz

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің ұйымдастыруымен рационализаторлық белсенділікті арттыру мақсатында арнайы тренинг өтті.



Қосыйм МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тренингтің мақсаты – өнертапқыштық белсенділікті арттыра отырып, техникалық шығармашылықты дамыту және сол арқылы моральдық-материалдық тұрғыда ынталандыру. Шараға өңір темір жолындағы барлық құрылымдық бөлімшелердің техникалық ақпараттандыру мамандары қатысты. Өнертапқыштарға қолдау білдіріп, жұмыс орнында жағдай жасау маңызды. Ол жаңа жобаларды жүзеге асыруға, шығындарды оңтайландыруға, күнделікті жұмыс барысында өзекті жобаларды енгізуге мүмкіндік береді.



– Бүгінгі таңда бөлімше бойынша жоспарға сәйкес 33 өнертапқыштық ұсыныстың 15-і мақұлданды және бұл бағытта жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, күн сайын жаңалық бюллетендерін алып, оларды барлық құрылымдық бөлімшелерге шұғыл таратып отырамыз. Мекемелерге жиі барып жаңа ақпараттармен таныстырып, өнертапқыштық ұсыныстар беруге ынталандырамыз. Сайып келгенде мұның бәрі жаңа идеялардың туындауына ықпал етері анық, – дейді ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің жетекшісі Әйгерім Ниязова.

Тренинг барысында қатысушыларға рационализаторлық ұсынысқа өтінішті сауатты жазу, акт толтыру, ақпараттық карта

жасақтау, т.б. туралы түсіндірілді. Егер рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізіліп, ол айтарлықтай экономикалық тиімділік әкелетін болса, онда өнертапқыштың 100 мыңнан 5 млн теңгеге дейін сыйақы алуға мүмкіндігі бар. Тиімді идеялар көп болған сайын, компания мен еншілес ұйымдардың шығындары оңтайланып, азаяды деген болжам бар. Ондай өнертапқыштардың рационализаторлық ұсыныстары қашан да қолдау тауып, авторлық құқықтары да қамтамасыз етіледі. Өздеріне қажетті тың мағлұмат алған тренингке қатысушылардың жаңа ұсыныстар ойлап табуға деген қызығушылықтары артты.

Суретті түсірген автор

ТОСЫН АПАТ – ҚАУІПТІ ЖҮКТЕРДЕН



ҚАУІПСІЗДІК



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осы ретте әсіресе цистерналарда сақталатын аса қауіпті жүгі бар пойыздар бөлімшенің барлық станцияларында қадағалауға алынған. Тасымалданатын жүкті межелі жерге аман-есен жеткізу теміржолшылар міндетіне кіретіні белгілі.

Ағымдағы жылы бөлімше бойынша қауіпті сұйықтықтың төрт бірдей ағып кету фактісі мен бір мәрте сусымалы жүктің төгілуі тіркеліпті. Экологиялық қауіптің алдын алу, қадағалауды күшейту мақсатында тек станция басындағы вагон қараушылар мен әскерлендірілген теміржол жүзетінің қызметкерлері ғана емес, пойыз құрастырушыларына да қосымша нұсқаулар берілген. Сондықтан болар, аталмыш фактілер дер кезінде анықталып, апаттың алды алыныпты.

Мәселен, осыдан біраз бұрын Дегелең станциясында Павлодардан Ақтоғай станциясын бетке алған жылжымалы құрамнан жанармайдың тамшылап



тұрғаны анықталған. Жүкті қабылдап-тапсырушы Берік Жусанбаев цистернаның үш жерінен минутына 30 тамшы тамғанын есепке алып, ӘТЖК тобына хабар берген. Нәтижесінде станция бастығы Талғат Баширов басшылық еткен шұғыл жұмыс тобы құрылып, аталған ақаулықтың мән-жайын нақтылаған. Тексерулер көрсеткендей, цистернаның бекітуші бір болты жоқ болып шыққан. Осылайша 13-ші жолда тұрған №73933269 вагон аумағы қоршауға алынып, қоршаған ортаны ластайтын және өрт қаупін тудыратын

күрделі ақаулық дер кезінде жойылды. Бұл бір ғана мысал. Сол тәрізді экологияға залал келтіретін дәл осындай кінәрат аталмыш станциядан тағы бір мәрте анықталыпты. Осыған қарап, дегелеңдік қозғалысшылардың қырағылығын ерекше атап өтуге болады.

Мұнымен қатар, айналаға қауіп тудыратын тағы екі факті Жаңа-Семей және Шар станцияларында анықталып, дер кезінде ауыздықталған.

– Қауіптілігі жоғары жүктері бар вагондар ерекше назар аударуды талап етеді. Кінәрат анықталған жағдайда, уақыт

оздырмастан бірден апаттың алдын алу, ақаулықты жою жұмыстары басталады. Ол үшін әуелгі кезекте вагонды кірме жолға жөнелтеміз. Сонымен қатар, ондағы сұйықтықтың қауіптілік деңгейі, жүктің салмағы, тығыздығы, тіпті, температура-сы да есепке алынады. Мұның барлығы алдағы уақытта ондай келенсіздіктерге жол бермеу мақсатында тіркеуге алынады, – дейді бұл орайда аталмыш оқиғаларға сараптама жүргізген Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік бөлімінің жетекші инженері Бекзат Кәрімханов.

Мақсат – тасымалданатын қауіпті жүктердің уақытында тапсырыс берушіге аман-есен жетуі. Алайда цистернадан сұйықтықтың ағуы көбінесе станция басындағы техникалық тексерулер кезінде анықталады екен. Ондайда вагон пломбасының бүлінбеуі де назарға алынады. Ағытылып, жөндеуге жіберілген вагон бойынша әуелгі кезекте хаттама толтырылып, қажетті құжаттамалар жасалынып, арнайы комиссияның сараптамасынан да өткізіледі.

Дегенмен мәселе тек апаттың алдын алумен ғана бітпейді. Оны болдырмау мақсатында алдын алу шаралары жүргізіледі. Мәселен, осыған дейін Семей ЖТ бөлімшесінде орын алған вагон цистерналарынан жанармайдың ағуы бойынша көршілес бөлімшелердегі бірқатар станциялар басшыларына хаттамалар жіберіліпті. Расында тасымал тасқыны арта түсетін алдағы уақыттарда да мұндай іс-шаралардың маңыздылығы зор.

Суретті түсірген автор

АДАЛ ЕҢБЕГІ ҮШІН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан теміржолында адал еңбегімен көзге түскен қызметкерлер қашан да саланың ерекше марапаттарына ие болады. Солардың бірі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүктермен коммерциялық жұмыс департаментінің бас менеджері Тасболат Каримов «Адал еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Теміржолда коммерциялық жүктер тасымалы бойынша ірі кәсіпорындардың құжаттарын реттеумен айналысатын ол – компанияның 80 пайыз табысын әкелетін салада тәжірибесі мол білікті маман.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Теміржол саласында 40 жылдық тәжірибесі бар Тасболат Каримов ҚТЖ арқылы жүктерін тасымалдайтын 56 ірі кәсіпорынмен арада түрлі келісімшарттар жасау, бұйрықтар мен актілер, басқа да қыруар маңызды құжаттарды тексеру, салыстыру, қабылдап алумен айналысады. Бұлай қарағанда, бұл – асқан мұқияттылық пен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Себебі әрбір жүктің, тасымалдың есебі құжаттарымен бірдей болуын тексеріп, деректерден қателесуге жол беруге болмайды.

– Қазақстан бойынша тәулігіне 50 вагоннан астам жүк тиейтін ірі кәсіпорындармен келісімшарттар жасаймыз. Сонымен қатар станция жұмысының Бірыңғай технологиялық процесі бойынша жұмыс жүргіземіз. Мәселен, ең ірі келісімшарт жасалатын кәсіпорындар қатарында Қарағандыдағы «АрселорМиттал

Теміртау» АҚ мен Павлодардағы «Қазақстан алюминий» АҚ және «Богатырь комир» ЖШС және т.б. өндіріс орындары бар. Сол сияқты Ақмола, Жамбыл, Семей, Ақтөбе, Маңғыстау өңірлеріндегі өндірістік кәсіпорындармен келісімшарттар жасалады. Жүк тасымалына қатысты барлық құжаттарды қарап, тексеру, келісімшарттарды дұрыстап толтырып, жасау – менің басты міндетім, – дейді Т. Каримов.

Ақмоланың тумасы Тасболат Каримов теміржолшы отбасынан шыққан. Әкесі 30 жылдан астам уақыт машинист көмекшісі болып қызмет еткен. Өзі мектеп бітірген соң 1978-1982 жылдары Целиноград теміржол техникумынан және 1993-1998 жылдары Алматы теміржол инженерлер институтынан «Теміржол көлігін пайдалану», «Тасымалды ұйымдастыру және темір жол көлігіндегі басқару» мамандықтары бойынша арнайы орта және жоғары білім алған.

– Бала кезімізде бұрынғы

Ақмола, қазіргі Астана қаласындағы Орталық саябақта «Балалар теміржолы» болды. Осы жол арқылы пойыздар «Жеңіс» және «Абай» станцияларының аралығында жүретін. Жазғы демалысымды сонда өткізетін едім. Балалар теміржолы тек қана аттракцион болып қойған жоқ, кәдімгідей қосымша кәсіптік білім беру көзіне айналды. Ол жерде пайдалану ережелері, жабықтары кәдімгі теміржолдың тәртібіне жақын болды. Жазда сонда жолсерік, кондуктор, диспетчер, кезекші жұмыстарын атқарып, тіпті ересек тәжірибелі инструктор басылығымен машинист болып, шағын пойыздарды да жүргіздік. Осындай тәтті естеліктер менің жадымда мәңгі қалып қойды. Сөйтіп теміржолға келгенмін, – деп еске алады ол балалық шағын.

Тасболат Каримов әр жылдары станция кезекшісі, жүк қабылдап-жөнелтуші, инженер-технолог, кіреберіс жолдар бойынша

жетекші инженер, экспедитор және т.б. қызметтерді атқарып, мол тәжірибе жинақтайды. Екі мыңыншы жылдардан бері қарай ол жүк тасымалындағы коммерциялық жұмыстар бойынша департаменттерде бас маман, бөлім бастығының орынбасары, бірінші санатты менеджер болып жұмыс істеді. Бас алмай жұмыс күнін құжаттар тексеру, толтырумен өткізетін ол одан бөлек кәсіподақ қызметіне де уақыт табады. Қазіргі таңда «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ-ның «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша кәсіподақ филиалының төрағасы. Келесі жылы алпысты алқымдайтын теміржолшының 2 қыз, бір ұлы бар. Бос уақытында балаларымен бірге болып, футбол көргенді жақсы көреді. Компанияда өткен дойбы, шахмат ойындарында жүлдегер болған. Бірнеше рет Алматы хаттар, Құрмет грамоталары және Кәсіподақтың 20, 30 жылдығына арнайы төсбелгілермен марапатталған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



ПРОЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО МАСШТАБА



ДОСТИЖЕНИЕ

Настоящий фурор произвели уникальные проекты АО «НК «ҚТЖ» на Международной бизнес-премии по управлению персоналом WOW!HR Kazakhstan 2022, состоявшейся в Алматы. Это крупнейшая премия в СНГ, которая транслирует опыт передовых HR-команд. Проекты ҚТЖ признаны лучшими сразу в двух номинациях, благодаря чему национальный перевозчик стал международным трендсеттером в вопросах реализации проектов в сфере управления персоналом.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Так, 7 ноября 2022 года состоялась V юбилейная премия и кейс-конференция в сфере управления персоналом WOW!HR Kazakhstan. В целом 12 лучших проектов казахстанских компаний были презентованы на площадке мероприятия HR-сообществу страны. Цель WOW!HR – развивать экономику стран через популяризацию лучших практик в сфере управления персоналом.

В номинации Digital solutions АО «НК «ҚТЖ» вырвалось вперед с проектом «Компактные HR-дашборды», а в номинации Save – с проектом «Привлекательная оптимизация». Тема номинации Save – благополучие сотрудников. Здесь рассматривались проекты по улучшению условий труда и рабочего пространства, отражающие деятельность компании, направленную на благополучие сотрудников. А в номинации Digital solutions принимали участие digital-проекты и IT-инструменты, способствующие развитию бизнеса. При этом здесь с ҚТЖ соревновались крупнейшие компании, которые специализируются именно на IT-продуктах, поэтому бороться с ними было очень тяжело. И настоящими героями стали главные менеджеры департамента управления человеческими ресурсами

АО «НК «ҚТЖ» Бахтияр Салихиддинулы и Еркебұлан Марат, которые, абсолютно не являясь IT-специалистами, смогли создать и реализовать свой высококлассный рабочий проект из подручных инструментов. По словам организаторов, проекты АО «НК «ҚТЖ» стали победителями благодаря своей универсальности и эффективности.

Руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимжаев заметил, что эта победа свидетельствует о высокой эффективности деятельности компании в области устойчивого развития в сфере управления персоналом и демонстрирует сильную готовность и способность компании интегрировать новые проекты в свои бизнес-процессы.

– АО «НК «ҚТЖ» презентовало успешно реализованные проекты HR-сообществу. И это наша общая победа! Хочу выразить огромную благодарность всем, кто участвовал в создании и продвижении этих проектов! Это очередное веское доказательство тому, что ҚТЖ уделяет важное значение устойчивому развитию и ведет активную работу по созданию лучших практик, – поделилась эмоциями директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева.

По возвращении с конкурса в столицу коллеги встречали победителей ова-

циями, организовали теплый прием и торжественную встречу в аэропорту, а потом и в центральном офисе компании.

– Нас встречали как олимпийцев, и от этого еще больше приятных эмоций. Хочу подчеркнуть, что наша команда выделилась в конкурсе не только своими уникальными проектами, но и внешним видом. Все участники были в форме проводников. Это было очень эффектно, символично и придавало большой смысл происходящему, – поделилась HR бизнес-партнер Алма Саулебаева, которая вместе с главным менеджером управления по развитию персонала филиала АО «НК «ҚТЖ» – Многофункциональный центр обслуживания Аягыз Темировой представляла проект «Двигатель внутреннего развития».

Также большим вниманием и признанием был выделен уникальный кейс ҚТЖ, не имеющий аналогов в СНГ, – программа раннего выхода на пенсию оптимизируемого персонала.

– Я и моя коллега Венера Ахметова показали, что наш проект – это проявление реальной заботы о людях, их благополучии, решение вопросов социальной поддержки, улучшения качества их жизни. Основная цель программы – это материальная поддержка работников предпенсионного возраста, которые решили досрочно выйти на пенсию ввиду сокращения должности и невозможности дальнейшего трудоустройства. Проект получил большой отклик, и его результаты просто поражают, – рассказал главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Саян Сыздыков.

Действительно, проект вызвал огромный интерес как организаторов мероприятия, так и всех присутствующих компаний-участников. Ведь, учитывая, насколько непростой труд у железнодорожников, люди с радостью восприняли его реализацию.

К слову, команда HR АО «НК «ҚТЖ» не собирается останавливаться на достигнутых победах, а уже готовит новые проекты для покорения новых вершин.

Фото автора

ДЕФИЦИТА НЕ БУДЕТ



ПОДГОТОВКА
К ЗИМЕ

В Павлодарских железнодорожных тупиках нехватки твердого топлива нет, как и очередей. У всех есть запас угля, который формировался еще с июня. В этом убедились в ходе мониторинга сотрудники регионального управления энергетики и ЖКХ и отделения ГП.

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Ревизоры проверили железнодорожные тупики города Павлодара. Это ТОО «А-Вест Павлодар», ТОО «Северэнергоугольснаб», ТОО «Элит КЗ». Мониторинг проводился с целью исключить риски нехватки черного золота. К примеру, подъездной путь ТОО «А-Вест» с ТОО «Майкубен Вест» за октябрь выгрузил 45 вагонов, ТОО «Шубарколь

Комир» восемь. Подъездной путь ТОО «Элит» с ТОО «Майкубен Вест» отгрузил 45 вагонов, ТОО «Шубарколь Комир» – 57.

– На сегодня в Павлодарской области проблем с обеспечением коммунально-бытовым углем и его доставкой нет. Все тупики обеспечены им с разрезом «Каражыра», «Майкубен», «Шубарколь», в запасах порядка 1,5 тысячи тонн у каждого из них. Ажиотажа и очередей не наблюдаем, – рассказал заместитель директора



Павлодарского отделения ГП по логистике Даурен Мигунов. – Ожидаем еще 40 вагонов, сейчас на отгрузке 25 вагонов. Контроль ведется на постоянной основе.

Стоит отметить, что цены на уголь тоже находятся на контроле у профильных ведомств. К примеру, тонна твердого топлива ТОО «Майкубен Вест» стоит 11 500 тенге, у ТОО «Шубарколь Комир» – 17 500, ТОО «Каражар» реализует по 18 000 тенге.

Фото автора

МИКРОПРОЦЕССОРНАЯ ЦЕНТРАЛИЗАЦИЯ В ПОМОЩЬ



ТЕХНОЛОГИИ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В настоящее время проведены все пусконаладочные работы, предназначенные для бесперебойной эксплуатации микропроцессорной электрической централизации (МПЦ). К системе подключено более 30 централизованных стрелок, семь станционных путей, около 48 светофоров и 45 рельсовых цепей.

Весь процесс, связанный по установлению системы, осуществляется под

контролем работников службы эксплуатации АО «НК «ҚТЖ» – «Жанааркинская дистанция сигнализации и связи», а также ТОО «Жоларна» и «БТ Сигнал», – отмечает менеджер по СЦБ и связи InCon.KZ Алтынбек Токабаев.

– Как известно, микропроцессорная система имеет целый спектр функций по централизации стрелок и сигналов, однако ее приоритетное направление – управление движением поездов и маневровой работой на узле, направленное исключительно на безопасность, – гово-

рит Алтынбек Токабаев. – В микропроцессорную систему также включены диагностический контроль состояния и мониторинг отказов, архивирование событий, интеграция с диспетчерской централизацией и автоблокировкой и др.

В рамках проекта компанией построено около 548,6 километра главных путей, восемь станций, 18 разъездов, 14 переэздов, расположенных вдоль железнодорожной магистрали.

Генеральным подрядчиком проекта по строительству магистрали Жезказган – Саксаульская выступает компания Integra Construction KZ.

На сегодняшний день на станции Жезказган создаются комфортные условия для железнодорожников с облегчением труда благодаря введению и эксплуатации микропроцессорной централизации на базе системы Ebilock 950.

РЕКОРДНЫЕ НОМЕНКЛАТУРЫ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПОГРУЗКА

В Костанайском отделении грузоперевозок перевыполнили план погрузки по итогам прошедшего месяца.

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП Ерден Аманов, на октябрь отделению был задан план погрузки в 28 520 вагонов. По итогам месяца в регионе было погружено 29 579 вагонов, или 1 миллион 932,7 тысячи тонн. В сутки отгружалось 62,3 тысячи тонн. В том числе по основной номенклатуре: зерно при плане погрузки на месяц 3 535 вагонов было погружено 4 692, это выше плана на 1 157 вагонов. Продукты перемола – 2 416 вагонов, что выше плана на 21,8 тысячи тонн, руда железная – 768,2 тысячи тонн.

ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ – К АВТОСЦЕПКЕ



Ольга УШАКОВА,
Оскемен



ОСМОТР

Четыре дефекта выявили осмотрички-ремонтники вагонов ПТО станций Риддер и Алтай Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) с начала месячника «Особый контроль – автосцепное устройство». Он проходит в период с 20 октября по 20 ноября.

По информации инструктора по автотормозам и буксовому узлу ВЧД-24 Нурлана Наурызбаева, три случая дефектов из четырех обнаружили на станции Риддер. 21 октября при техническом обслуживании 15 грузовых вагонов осмотрички-ремонтники ПТО станции Риддер Павел Паньшин, проверяя автосцепки, в одном из вагонов выявил излом замкодержателя. Второго ноября на той же станции при техобслуживании 16 грузовых вагонов осмотрички-ремонтники вагонов ПТО Дмитрий Солдатов обнаружил заклинивание механизма автосцепки. При разборке механизма выявили излом предохранителя. В ночь с 9 на 10 ноября при техобслуживании 21 грузового вагона осмотрички-ремонтники вагонов ПТО станции Риддер Нурасыл Жандосов увидел, что в одном из вагонов заклинил механизм автосцепки. При разборке механизма выяснилось, что изломан шип предохранителя замка.

– 26 октября при техобслуживании четырех грузовых вагонов осмотрички-ремонтники вагонов ПТО станции Алтай Талгат Тымбаев обнаружил излом прилива замка в автосцепке, – добавил Нурлан Наурызбаев.

Все обнаруженные дефекты, если бы их не выявили вовремя, могли привести к саморасцепу состава.

Объявления

РФ «Южный» АО «Пассажирские перевозки» как инициатор намечаемой деятельности (г. Алматы, ул. Тобаякова, 2, БИН 041041009355) сообщает о проведении общественных слушаний по проекту «Нормативы эмиссии» для для РФ «Южный» АО «Пассажирские перевозки». Адрес расположения объекта: г. Алматы, ул. Тобаякова, 2; дата и время начала проведения общественных слушаний – 23.12.2022 г. в 14.00 ч. Ссылка на онлайн-подключение: <https://us04web.zoom.us/j/4423135116?pwd=Tmo4M3FwRWRYYTBoSjVZa1k4cytDdz09>. Разработчиком документации объектов государственной экологической экспертизы является ТОО «Squadro Group» Т. Д. Рыстафин, e-mail и телефон, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: info@squadro.kz, 8 7083332208. Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/about?lang=ru>. Ссылка на единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/11066>. Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме, – управление экологии и окружающей среды города Алматы: г. Алматы, ул. Ауэзова, 82, тел. +7 (727) 972-18-39, u.prip@almaty.gov.kz.

РФ «Южный» АО «Пассажирские перевозки» как инициатор намечаемой деятельности (г. Алматы, ул. Осипенко, 42-6, БИН 041041009355) сообщает о проведении общественных слушаний по проекту «Нормативы эмиссии» для для РФ «Южный» АО «Пассажирские перевозки». Адрес расположения объекта: г. Алматы, Осипенко, 42-6; дата и время начала проведения общественных слушаний – 26.12.2022 г. в 15.00 ч. Ссылка на онлайн-подключение: <https://us04web.zoom.us/j/4423135116?pwd=Tmo4M3FwRWRYYTBoSjVZa1k4cytDdz09>. Разработчиком документации объектов государственной экологической экспертизы является ТОО «Squadro Group» Т. Д. Рыстафин, e-mail и телефон, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: info@squadro.kz, 8 7083332208. Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/about?lang=ru>. Ссылка на единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/11066>. Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме, – управление экологии и окружающей среды города Алматы: г. Алматы, ул. Ауэзова, 82, тел. +7 (727) 972-18-39, u.prip@almaty.gov.kz.

Руханият

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі Ғылыми-техникалық орталығына қарайтын техникалық кітапхана Байзақ батыр көшесі №168 мекенжайындағы бес қабатты үйдің бірінші қабатында орналасқан. Бұл көшеде теміржол мекемелері көп орналасқан және тұрғындарының дені – байырғы, ардагер теміржолшылар.



КІТАПХАНА СҰРАНЫСҚА ИЕ

Екі бөлмеге орналасқан кітапхана тұрақты жұмыс істеп тұр. Бір бөлмесі техникалық кітаптар мен ғылыми-техникалық құжаттарды қосқанда 26 905 кітап қоры жинақталған кітапхана болса, екінші бөлмесінде Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің архиві сақтаулы. Бұдан бөлек Шу және Сарышаған станцияларында филиалдары бар.

Техникалық кітапхананың бас техникалық кітапханашысы Жәнібек Рысбековтің айтуынша, бүгінгі күні кітапхана қызметкерінің айлық-жалақысы мен нысанның коммуналдық төлемақысын тікелей Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі төлеп отырғанымен, басқару, ақпараттық демеу – соңғы алты айдан бері Астанадағы Азаматтық құқықтық (ГПХ) гражданско-правовой характер) орталығына тәуелді екен.

– Бір кездері оқырмандарымыз есігімізді ашпай кеткен күндер де болды. Тек күніне бір-екі зейнеткер келіп тұратын. Қазір оқырмандар қатары артты. Және жас мамандардың көп келетіні қуантып отыр. Бұған себеп, «NUR» KZ сайтына жаңа жұмыс орнына конкурс жариялағанда жас мамандар «өңгімелесуден»

өтеді. Онлайн жүйесі арқылы өтетін бұл шараға Астанадағы комиссия мүшелері де «ZOOM» арқылы қатысады. Сондықтан, мамандар сынақтан сүрінбей өту үшін өздеріне керекті тақырыптарды бізден тауып, дайындық үстінде болады. Бұған тағы бір себеп – ғаламтордағы кей мәліметтердің дұрыс шықпауы. Оның үстіне біз теміржолшылар сұраныстарын қанағаттандыру үшін керекті техникалық газет-журналдарға жазылып отырмыз. «Удок», «Қазақстан теміржолшысы», «Қазақстанда еңбекті қорғау», «Қадрь», «Труд», «Қазақстандағы мамандар анықтамалығы» газет-журналдарына сұраныс басым, – дейді Жәнібек Есмұратұлы.

Жәнібек бұл салаға 2018 жылы мүгедектікке шыққан соң денсаулығына байланысты келген екен. 2004 жылдан бері болат жолда еңбек еткен. Уақытында «Достық» станциясында, «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалында қозғалыс қауіпсіздігі бойынша пойыз диспетчеріне дейін көтерілген. Сондықтан сала жұмысы оған өте танымс және ыстық.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз
Суретті түсірген автор

ГОРЯЧИЕ ТЕМЫ В РАБОЧЕМ ПОРЯДКЕ

В Уральске с рабочим визитом побывали председатель Западного филиала профсоюза работников транспорта Габит Садыков и эксперт по охране труда и социально-бытовым вопросам профкома филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Максат Мухтаров. Встреча получилась очень продуктивной, ведь некоторые темы становятся понятнее на местах.

Но начался визит с самой приятной миссии – вручения памятных знаков «30 лет ОО «Казпрофтранс» руководителю Уральской дистанции пути (ПЧ) Дусенбаю Кожажельды и председателю цехового комитета Гульжан Садиховой. Награды за добросовестный многолетний труд в железнодорожной отрасли, содействие в укреплении профсоюзных рядов и активное участие в решении вопросов, направленных на социальную защиту членов профсоюза, они получили заслуженно.

– В состав нашей профсоюзной организации входит 21 «первичка», 14 из них – в Актобе, остальные в Атырау, Актау и Уральске. Стараюсь бывать на местах как можно чаще. Ваше руководство совместно с профкомом заботятся об улучшении социальной защиты работников, что помогает добиться хороших результатов в работе, укрепляет дисциплину, обеспечивает безопасность труда, – отметил Габит Зейнуллаевич.

В ходе визита на встрече с профсоюзным активом региона были обсуждены вопросы оплаты труда работникам «в полях». В частности, есть проблемы в оплате труда монтеров пути из-за тарифного плана, в котором учтены не все аспекты их производственной деятельности. Кроме того, в диспетчерской нужен большой экран для наблюдения за движением поездов. К слову, данный вопрос был организационно решен в этот же день – свежий взгляд Габита Зейнуллаевича на имеющиеся ресурсы и оборудование позволил найти выход: не использующийся



телевизор в холле управления будет передан на улучшение условий труда диспетчерам ПЧ.

Немало вопросов и по оплате труда машинистов. Цехком Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЗ) давно поднимает этот вопрос. Тариф на выполнение маневровых работ установлен ниже, чем у «поездников», хотя это самая тяжелая работа. Да еще и премия у маневровых бригад – 15%, у поездных – 25%, что локомотивщики считают несправедливым. По этой причине машинисты не хотят переходить на маневровую работу.

– Мы и так испытываем кадровый голод, желающие работать есть, а разрешения не дают, – говорит председатель цехкома ТЧЗ Булатжан Журмухамбетов. – В этом году принято на работу 25 человек, а потребность вдвое больше. Были случаи приема на работу машинистов из Кызылорды, но они, поработав немного, уезжают. У нас климатические условия сложные: летом – жара за 40, зимой – снег и морозы до 30 градусов. Да и региональной доплаты, как в некоторых областях, у нас нет. А ведь, чтобы

стать машинистом, нужно лет пять проработать помощником, наработать практические навыки. Надеемся на Вашу поддержку, потому что во всех случаях, когда мы обращались в Западный филиал профсоюза, вопросы решались положительно.

Вновь подняли и тему о пенсионном возрасте для машинистов. Сейчас они выходят на отраслевую пенсию в 57 лет. Раньше этот возраст у машинистов составлял 55 лет и был обоснован физиологически. Сегодня же те, кто сумел дожить до 63 лет, теряют в размере пенсии от государства, ведь для ее исчисления берется доход за последние три года, то есть отраслевая пенсия, которая, разумеется, меньше заработной платы.

– Это проблемный вопрос, – согласились Габит Садыков и Максат Мухтаров, – его поднимают собой команды станции Карабас и команда ОПТО станции Караганда-Сортировочная «Ог». Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Спорт

Сабыржан Бекмырзаев – Арыс станциясында отыз жылдан бері еңбек етеді. 1990 жылы пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастап, пойыз құрастырушы болды. Сосын вагон жылдамдығын реттеуші маман ретінде тағы 7-8 жыл тер төкті.



САН ҚЫРЛЫ САБЫРЖАН

Бір күндері станциядағы кәсіподақ ұйымының жетекшісі Шорахан Телғозының ұсынысымен оған көмекші болып сайланды. Сол-ақ екен, арыстық теміржолшылардың мұңын жырлап, сойылын соғатын нөмірі бірінші адамға айналып шыға келді...

Бүгінде ол 40 жастан асқан станция қызметкерлерінен құралған спортшылар командасының спорт секторы. Ал ол жетекшілік ететін спорт секторының футболшылары 2017 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылатын Құрметті теміржолшы Байсейіт Танкеев атындағы футбол турнирінде 2018 жылы 1-орын, ал биылғы турнирде 3-орын алды.

Сабыржан Сайлауұлы бастаған кәсіподақ мүшелері саламаттық өмір салтын ұстанудан бөлек, түрлі қоғамдық істер мен қайырымдылық шаралардың ұйытқысы болып келеді. Атап айтқанда, станция бойынша зейнет жасына жетпей денсаулығынан айырылған немесе өндірістік жарақат алып көз жұмған 17 азаматтың отбасына қолдау-көмек көрсетуді ең алдымен қолға алады.

Сол сияқты, қалалық деңгейде ұйымдастырылған түрлі мәдени-танымдық, спорттық сайыстарға да теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелерінің қатысуын қамтамасыз етеді. Арыстық теміржолшылардың еңбек демалысында емдеу-сауықтыру орнына барып-қайту жолдамаларын да жүйелі үлестірілуді қамтамасыз етеді. Биылғы жазда осы станциядан зейнетке шыққан зейнеткерлер басын қосып ауқымды спорттық шара өткізгені үлкенге ізет, кішіге өнегелі істің бірі болды.

Осылай, қоғамдық жұмыс десе ішкен асын жерге қойып жүгіретін кейіпкеріміз биыл сала кәсіподағының 30 жылдығына орай мерейтойлық медальмен марапатталды. Сондай-ақ, теміржолшылар әулетінің белсенді өкілі ретінде Түркістан облысы әкімінің арнайы грамотасына ие болған.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Арыс
Суретті түсірген автор



В СОПЕРНИКЕ УВИДЕТЬ ДРУГА

На прошлой неделе в здании филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» состоялся турнир по волейболу, посвященный 30-летию ОО «Казпрофтранс».

Ответственные за спортивное мероприятие – начальник Карагандинского эксплуатационного вагонного депо Айкен Сеитов и председатель цехового комитета Сымбат Медеуова организовали турнир так, чтобы работники железнодорожных станций области вспомнили его на долгие годы.

– Очень важно, чтобы наши сотрудники как можно больше участвовали в спортивных мероприятиях. Ведь главная миссия нашей компании – здоровый образ жизни без вредных привычек, единение и корпоративная солидарность. Без этих составляющих невозможно достигнуть успеха и процветания любого предприятия, – считает Сымбат Медеуова.

В ходе турнира игра между цехами была интересной и напряженной. Каждая команда смогла продемонстрировать свои сильные стороны. При этом более опытные игроки умело маневрировали мячом и ловко бросали его на сторону соперника.



После упорной борьбы первое место заняла команда ОПТО станции Жарык, второе – у команды ОПТО Караганда-Пассажирская, и третье место разделили между собой команды станции Карабас и команда ОПТО станции Караганда-Сортировочная «Ог».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

САДАҚ АТУ – ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

Жаңаөзендік теміржолшы ұлттық спорт түрі – садақ атудан өткен облыстық жарыста жүлдегер атанды. Сайыс Маңғыстау станциясының орталығы Мұнайлы ауданының 15 жылдығына және Бекет атаның 272 жылдығына орай ұйымдастырылған еді.

Ауқымды іс-шара Маңғыстау облыстық «Ұлттық спорт түрлері» федерациясы мен облыс әкімдігінің қолдауымен, өңірдегі «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» АҚ сияқты ірі компаниялардың демеушілігімен өтті, жүлде қоры да қомақты болды. Садақ ату сайысында Жаңаөзен станциясы бастығының орынбасары Самал Зулпыхаров мергендігімен көзге түсті. Жұлделі үшінші орынды иемденген теміржолшы жігіт ауылына қанжығасы майланып, алғашқы жүлдесін арқалап қайтты. Садақ ату өнерін енді ғана меңгере бастаған Самал Зулпыхаров бұған дейін қазан айында өткен Қазақстан Республикасының бірінші чемпионатына қатысып, жүлде алмаса да тәп-тәуір тәжірибесі жинаған.

– Биылдан бастап елімізде дәстүрлі садақ ату ұлттық спорт түріне енгізілді. Менің онымен айналысып бастағанымға көп бола қойған жоқ. Бұрыннан жаксы көздеуді білетінмін. Кезекті еңбек демалысымда Шымкент қаласына барғанымн. Сол жерде ақылы

садақ ату орны да болып, қызығушылығым оянды. Кейін іздеп жүріп садақ атуға қажетті құрал-саймандарын сатып алып, ауылға оралғасын қаладағы үйірмесіне жазылдым. Содан бері жұмыстан босаған сәтте аптасына 2-3 күн барып, жаттығамын. Соның нәтижесінде ҚР бірінші чемпионатына қатыстым және ұйымдастырушылардың қатарында болдым. Бүгін, міне, 3-орын алып отырмын, – деп қуанышымен бөлісті Самал Зулпыхаров.

Сонымен қатар ол армрестлингпен де шұғылданады екен. Осы жылы түбек теміржолшылары арасында өткен қол күресі жарысында екінші орыннан көрінген. Волейболға да ықыласы бөлек, Маңғыстау теміржолшылары құрама командасының мүшесі.

Темір жолдағы еңбек жолын бекет кезекшісі болып бастап, соңғы алты жылда станция бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып жүр.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау



Оқыс оқиға



ҚҰТҚАРЫП КАЛДЫ

Тал түсте суицид жасауға оқталған келіншекті теміржол бойының тәртіп сақшылары құтқарды.

Оқиға Ақтөбе станциясы аумағында болған. Абырой болғанда секіруге оқталған келіншектің әрекеті уақытында хабарланған. Жүріп келе жатқан пойыз астына ұмтылған әйелді теміржолшылар мен желілік полицейлер тоқтатты.

«Оқиға орнына дереу келген полиция қызметкерлері Әділет Құрманбаев пен Шыңғыс Қамбарбеков әйелмен сөйлесіп, мұндай әрекеттен бас тартуға көндірді. Әйел полиция бөліміне жеткізіліп, оған алғашқы медициналық және психологиялық көмек көрсетілді», – дейді Көліктегі полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Тексеру барысында өзіне қол жұмсамақ болған азаматшаның Ақтөбе қаласының тұрғыны екені анықталды. Қазір оқиға бойынша тергеу жүріп жатыр. Көлік сақшыларының айтуынша, теміржол бойында өз-өзіне қол жұмсауға оқталу әрекеті бірінші рет болып тұрған жоқ. Жыл басынан бері көлік сақшылары 3 рет суицид оқиғасының алдын алды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗКОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Мүздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2,
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22,
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Карағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерүбаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.